

Қазақстан Республикасы Ғылым және
жоғары білім министрлігінің Ғылым,
жоғары білім және тіл саясаты
мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңес
отырысының
«2» желтоқсан 2025 жылғы № 1
хаттамасымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің
Ғылым, жоғары білім және тіл саясаты мәселелері жөніндегі Қоғамдық
кеңесінің ережесі**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым, жоғары білім және тіл саясаты мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңесі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) және «Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 28 наурыздағы № 112 бұйрығына сәйкес әзірленді (бұдан әрі – Үлгілік ереже).

2. Ғылым, жоғары білім және тіл саясаты мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңес (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) құратын консультативтік-кеңесші, байқаушы орган болып табылады.

3. Қоғамдық кеңес өз қызметінде Конституцияны, заңдарды, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Қоғамдық кеңестің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды.

2-тарау. Қоғамдық кеңестің мақсаттары мен міндеттері

5. Қоғамдық кеңес қызметінің мақсаты азаматтық қоғамның ғылымның, жоғары білімнің және тіл саясатының қоғамдық маңызы бар мәселелері бойынша пікірін білдіру болып табылады.

6. Қоғамдық кеңестің міндеттері:

1) азаматтық қоғамның мүдделерін білдіру және шешімдерді талқылау мен қабылдау кезінде жұртшылықтың пікірін ескеру;

2) Министрліктің азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылын дамыту;

3) қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және Министрлік қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету.

3-тарау. Қоғамдық кеңестер қызметінің қағидаттары

7. Қоғамдық кеңес өз қызметін мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырады:

- 1) тәуелсіздік;
- 2) оның мүшелерінің қоғамдық негіздегі қызметі;
- 3) автономия;
- 4) дербестік;
- 5) жариялылық.

4-тарау. Қоғамдық кеңестің өкілеттіктері

8. Қоғамдық кеңестің өкілеттіктеріне мыналар жатады:

1) Министрліктің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын, стратегиялық жоспарлардың жобаларын, ғылым, жоғары білім және тіл саясаты мәселелері жөніндегі мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың жобаларын талқылау;

2) Министрліктің бюджеттік бағдарламаларының, ғылым, жоғары білім және тіл саясаты мәселелері жөніндегі стратегиялық жоспарлардың, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың орындалуын талқылау;

3) ғылым, жоғары білім және тіл саясаты мәселелері бойынша нысаналы индикаторларға қол жеткізу туралы атқарушы органдардың есептерін талқылау;

4) Министрліктің бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы, Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы, қайырымдылықтан түсетін ақшаның түсуі мен жұмсалуды туралы есептерін талқылау;

5) Мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларын іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы есептерді талқылау;

6) азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және талқылауға қатысу;

7) қызметтік әдеп нормаларын сақтауды қоса алғанда, мемлекеттік басқаруды жетілдіру және мемлекеттік аппараттың ашық жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және мемлекеттік органдарға енгізу;

9) Заңда көзделген өзге де нысандарда қоғамдық бақылауды жүзеге асыру;

10) Қоғамдық кеңес туралы ережені бекіту;

11) Тұрақты және (немесе) уақытша жұмыс органдарын құру.

Көзделген өкілеттіктерді орындау қорытындылары бойынша 1-тармақтың 2), 3), 4), 5), 7), 8) 9) тармақшаларында және Қоғамдық кеңес Министрлікке ұсынымдар енгізеді, ал 1) тармақшасы бойынша - ол бір ай ішінде Министр не оның орнындағы адам қол қояды 10 (он) жұмыс күні ішінде дәлелді жауап береді.

1-тармақтың 6) тармақшасы бойынша Қоғамдық кеңес нормативтік құқықтық актілердің жобаларына қоса берілетін ұсынымдарды енгізеді.

5-тарау. Қоғамдық кеңестің және оның мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

9. Өз өкілеттіктерін іске асыру мақсатында Қоғамдық кеңес мүшелерінің құқығы бар:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негізде және тәртіппен Министрліктің құрылымдық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты ұйымдарына қол жеткізу;

2) Министрліктің тиісті лауазымды тұлғаларымен келісім бойынша Министрліктің өзге де жұмыс органдарының жұмысына қатысу;

3) осы Заңда белгіленген өз өкілеттіктерін жүзеге асыру мақсатында қоғамдық маңызы бар мәселелер бойынша Министрлікке жүгіну;

4) қоғамдық кеңесте қарауға жататын азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді айқындау жөнінде ұсыныстар енгізу.

10. Қоғамдық кеңес және оның мүшелері өз қызметінде:

1) Конституцияның, оған сәйкес келетін заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінің, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын сақтауға;

2) өз қызметін жұртшылықпен өзара іс-қимылда жүзеге асыруға;

3) бұқаралық ақпарат құралдары және (немесе) интернет-ресурстар арқылы Қоғамдық кеңестің қызметі туралы халықты жылына кемінде екі рет хабардар етуге;

4) өз қызметі туралы жылдық есепті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға және (немесе) Министрліктің интернет-ресурсында орналастыруға;

5) «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қолжетімділігі шектелуге жатпайтын ақпаратты қоспағанда, Дербес деректер субъектісінің келісімінсіз дербес деректерді таратпауға, сондай-ақ министрліктен алынған мемлекеттік құпияларды не Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

6-тарау. Қоғамдық кеңесті қалыптастыру тәртібі

11. Қоғамдық кеңес Заңның 8, 9, 10-баптарына және Үлгілік ережеге сәйкес (4-ден 41-тармаққа дейін) құрылады.

7-тарау. Қоғамдық кеңестің ұйымдық құрылымы және өкілеттіктері оның төралқасы, Қоғамдық кеңестің төрағасы мен хатшысы

12. Қоғамдық кеңестің жоғарғы органы отырыс болып табылады.

13. Қоғамдық кеңестің қызметіне басшылықты жедел жүзеге асыру үшін оның отырыстары арасындағы кезеңде Қоғамдық кеңестің төралқасы сайланады.

Қоғамдық кеңес төралқасының құрамына Қоғамдық кеңестің төрағасы, Қоғамдық кеңестің қатысуымен құрылған мемлекеттік органның уәкілетті өкілі, комиссия төрағалары, Қоғамдық кеңестің жекелеген мүшелері кіреді.

Қоғамдық кеңес төралқасының отырыстарына осы Қоғамдық кеңестің мүшелері болып табылмайтын Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары қатыса алады.

14. Қоғамдық кеңес төралқасы:

- 1) Қоғамдық кеңес комиссияларының жұмысын үйлестіреді;
- 2) Қоғамдық кеңес отырыстарын өткізуге дайындықты ұйымдастырады;
- 3) Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастырушылық және ақпараттық қолдауды қамтамасыз етеді;
- 4) Қоғамдық кеңес ұсынымдарының орындалуына мониторингті жүзеге асырады.

15. Қоғамдық кеңес төрағасы мен хатшысының өкілеттіктері

Қоғамдық кеңес төрағасы:

- 1) Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастырады;
- 2) отырыстарда төрағалық етеді;
- 3) Қоғамдық кеңестің атынан құжаттарға қол қояды;
- 4) Қоғамдық кеңестің шешімдерін іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіреді;
- 5) Министрліктің отырыстарына кеңесші дауыс құқығымен қатысады;
- 6) ол болмаған уақытта төрағаның міндеттерін атқаруды Қоғамдық кеңес төралқасы мүшелерінің біріне береді.

Қоғамдық кеңес төрағасының өкілеттігі жаңа төраға сайланғанға дейін тоқтатылған жағдайда оның өкілеттігі Қоғамдық кеңестің шешімі бойынша төралқа мүшелерінің біріне беріледі.

Қоғамдық кеңестің хатшысы:

- 1) Қоғамдық кеңестің отырыстарын дайындау мен өткізудің ұйымдастырушылық мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді;
- 2) Қоғамдық кеңесте іс жүргізуді ұйымдастырады және жүргізеді, сондай-ақ Қоғамдық кеңес шешімдерінің орындалу мерзімдерін бақылайды.

Қоғамдық кеңестің хатшысы Қоғамдық кеңестің мүшесі болып табылмайды.

8-тарау. Қоғамдық кеңес қызметін ұйымдастыру және жұмысының жариялылығы

16. Қоғамдық кеңестің бірінші отырысын жұмыс тобының басшысы ашады, онда ашық дауыс беру арқылы Қоғамдық кеңес төралқасының төрағасы, хатшысы және бүкіл құрамы сайланады.

Қоғамдық кеңестің төрағасы оның мүшелері - мемлекеттік қызметші болып табылмайтын белгілі қоғам қайраткерлері арасынан сайланады.

Қоғамдық кеңес төралқасының төрағасы, хатшысы, құрамы сайланғаннан кейін жұмыс тобының және оның басшысының өкілеттіктері тоқтатылады.

17. Қоғамдық кеңес жұмысының негізгі нысаны отырыстар болып табылады. Қоғамдық кеңестің отырысы оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды деп есептеледі.

Қажет болған жағдайларда Қоғамдық кеңестің отырысына оның шешімі бойынша Мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, ғылыми, кәсіподақ және басқада ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ сарапшылар мен өзге де мамандар шақырылуы мүмкін.

18. Қоғамдық кеңестің отырыстары бейнеконференцбайланыс және өзге де қолжетімді онлайн-сервистер арқылы, бетпе-бет немесе аралас форматта өткізілуі мүмкін.

19. Қоғамдық кеңестің отырыстары 2 (екі) сағаттан аспайтын уақыт ішінде өткізіледі.

20. Қоғамдық кеңестің отырыстары ашық болып табылады және бір жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

21. Жұмыс жоспары Қоғамдық кеңес мүшелерінің ұсыныстары негізінде қалыптастырылады және оны Қоғамдық кеңестің төрағасы бекітеді.

22. Қажет болған жағдайда кезектен тыс отырыстар өткізіледі. Қоғамдық кеңестің кезектен тыс отырысының бастамашысы Қоғамдық кеңес төрағасының қарауына ғылымның, жоғары білімнің және тіл саясатының өзекті қоғамдық маңызы бар мәселелерінің тізбесін және олар бойынша шешімдердің жобаларын енгізеді, оларды Қоғамдық кеңес мүшелеріне жібереді. Кезектен тыс отырысты өткізу туралы шешімді Қоғамдық кеңес мүшелерінің көпшілігі дауыс беру арқылы қабылдайды.

23. Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді Министрлік жүзеге асырады.

24. Қоғамдық кеңес отырысының өткізілетін күні, орны және күн тәртібі және онда қаралатын мәселелер туралы Қоғамдық кеңес мүшелерін хатшы оны өткізгенге дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

25. Қоғамдық кеңес жұмысының жариялылығы. Қоғамдық кеңес халықты:

- 1) азаматтық қоғаммен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы нәтижелері;
 - 2) Қоғамдық кеңес құрамына, оның мүшелерінің ротациясы;
 - 3) отырыстардың күн тәртібі;
 - 4) қабылданған шешімдер;
 - 5) қоғамдық маңызы бар басқа да мәселелер туралы хабардар етеді.
- Ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және (немесе) тиісті интернет-ресурстарда орналастырылады.

9-тарау. Қоғамдық кеңестің өкілеттіктерін жүзеге асыру тәртібі

26. Қоғамдық кеңес азаматтардың құқықтары, бостандықтары және міндеттеріне қатысты, Министрлік жіберген нормативтік құқықтық актілердің (бұдан әрі – НҚА) жобаларын қарастырады.

27. НҚА жобасы алынған күннен бастап, Қоғамдық кеңес хатшысы бір жұмыс күні ішінде ұсыныстар енгізу үшін Қоғамдық кеңес мүшелеріне электрондық пошта арқылы жіберуді ұйымдастырады.

28. Қоғамдық кеңестің нормативтік құқықтық актілер жобаларын қарау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу комитеті (бұдан әрі – Комитет) үш жұмыс күні ішінде НҚА жобасын қарастырып, НҚА жобасын қарау туралы немесе НҚА жобасын қараусыз қалдыру туралы Қоғамдық кеңес хатшысына хабарлайды.

29. Қоғамдық кеңестің Комитетінің НҚА жобасын қарау немесе қараусыз қалдыру туралы шешімі Қоғамдық кеңес Комитетінің жалпы мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылдалады.

30. Қоғамдық кеңес хатшысы Қоғамдық кеңестің төрағасының қарауына Комитеттен және басқа да Қоғамдық кеңес мүшелерінен (болған жағдайда) түскен ұсыныстарды Қоғамдық кеңестің түпкілікті шешімін қабылдау үшін енгізеді.

31. Қоғамдық кеңестің түпкілікті шешімі қабылданғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде Қоғамдық кеңес хатшысы Министрлікке Қоғамдық кеңестің қабылданған шешімі туралы хабарлайды.

32. Қоғамдық кеңес төрағасы қол қойған күнінен бастап бір жұмыс күні ішінде Қоғамдық кеңестің ұсыныстары Қоғамдық кеңес хатшысы тарапынан Министрлікке электрондық пошта арқылы жіберіледі.

33. Заңның 5-бабының 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес, Қоғамдық кеңес мемлекеттік органның тиісті қызмет саласындағы маңызды мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастырады.

34. Өтініштерді қарау нәтижесі бойынша Қоғамдық кеңес төмендегі шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) өтінішті тиісті мемлекеттік органға немесе жергілікті мемлекеттік басқару органына құзыреттілігі бойынша жіберу;
- 2) аталған өтінішті Қоғамдық кеңес отырысында қарау;

3) түскен өтінішті қарау бойынша қоғамдық бақылаудың бір түрін жүргізу.

35. Қоғамдық кеңес хатшысы заңнамамен белгіленген мерзімде өтініш берушіге дайындалған жауапты жібереді.

10-тарау. Қоғамдық кеңес мүшелерінің әдебі

36. Қоғамдық кеңес мүшесі өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде:

1) қоғамдық мүдделерді, моральдық-адамгершілік қағидаттарды басшылыққа алуға, өз міндеттерін адал, ақылға қонымды, адал атқаруға негізделуге, Қоғамдық кеңес бойынша әріптестеріне және Министрлік қызметкерлеріне құрмет, сенім және қайырымды ынтымақтастық рухында қарауға;

2) қоғамдық және жұмыс дауларында дөрекі, қорлайтын және адамның қадір-қасиетін қорлайтын сөздерден аулақ болуға;

3) Қазақстан Республикасының ресми мемлекеттік рәміздеріне құрмет көрсетуге;

4) Қоғамдық кеңестің беделін арттыруға қамқорлық жасауға және жалпы нәтиже мүддесінде әрекет етуге;

5) әділдіктің әдептілік қағидаттарын басшылыққа алуға және Қоғамдық кеңесті құқықты пен әділдікке қауіп төндіретін мән-жайлар туралы уақтылы хабардар етуге;

6) Қоғамдық кеңестің атынан оған уәкілеттік берместен мәлімдемелерге, арыздарға, өтініштерге жол бермеуге;

7) Қоғамдық кеңес мүшесінің құзыретіне жатпайтын мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың, лауазымды адамдардың, азаматтардың қызметіне ықпал ету үшін өз ережесін пайдалануға жол бермеуге;

8) Қоғамдық кеңес отырысы басталғанға дейін Қоғамдық кеңестің төрағасы мен хатшысын өзінің кешігіп қалғаны немесе Қоғамдық кеңестің жұмысына қатысу мүмкіндігі жоқ екендігі туралы жазбаша немесе электрондық нысанда алдын ала хабардар етуге міндетті.

37. Қоғамдық кеңес мүшесінің – құлық нормалары мен ережелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы Қоғамдық кеңес мүшелерінің әдебін (бұдан әрі – Әдеп) бұзу деп танылады.

38. Қоғамдық кеңестің, Комиссияның, жұмыс тобының отырыстарында және Қоғамдық кеңестің өзге де іс-шараларында Әдеп бұзылған жағдайда төрағалық етуші сөз сөйлеушіге мұндай мінез-құлыққа жол бермеу туралы ескертеді, ал қайталап бұзылған жағдайда оны бүкіл отырыс ішінде сөз сөйлеу құқығынан айырады.

39. Қоғамдық кеңес мүшесі әдепті өрескел бұзған жағдайда оның өкілеттігі осы Ереженің негізінде тоқтатылуы мүмкін.

40. Қоғамдық кеңес мүшесін шығару туралы мәселе талқылау және дауыс беру қорытындылары бойынша Қоғамдық кеңестің шешімімен бастамашылық етіледі.

41. Әдепті өрескел бұзу деп Министрліктің, Қоғамдық кеңестің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға, Қоғамдық кеңестің және/немесе оның мүшелерінің имиджіне, іскерлік беделіне теріс әсер еткен, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде Қоғамдық кеңес мүшесінің осы Ережеде белгіленген нормаларды бұзуы түсініледі.

11-тарау. Қоғамдық кеңес мүшелерінің өкілеттіктерін тоқтату

42. Қоғамдық кеңес мүшесі өз қалауы бойынша жазбаша нысанда өтініш беру арқылы не Қоғамдық кеңес отырысының хаттамасында тіркелген ауызша өтініш арқылы оның құрамынан шыға алады.

43. Қоғамдық кеңестің мүшесі денсаулық жағдайына байланысты оның жұмысына қатысуға мүмкіндігі болмаған жағдайда не мынадай негіздер бойынша:

- 1) ол қайтыс болған жағдайда;
- 2) сот хабарсыз кетті деп танығанда;
- 3) сот қайтыс болды деп жариялағанда;
- 4) сот Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танығанда;
- 5) Қоғамдық кеңестің отырыстарына дәлелсіз себептермен бір жыл ішінде үш реттен артық қатыспағанда;
- 6) Қоғамдық кеңестің азаматтық қоғамнан сайланған мүшесі мемлекеттік қызметке кіргенде;
- 7) Қоғамдық кеңеске өкілі сайланған коммерциялық емес ұйым таратылған жағдайда;
- 8) Заңның 10-бабының 1-тармағында көзделген негіздер басталған жағдайда *(азаматтықтың ауысуы; соттылықтың пайда болуы (ол өтелмеген немесе алынбаған), соттың сыбайлас жемқорлық қылмыс және (немесе) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп тануы; психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда психикалық, мінез-құлқық бұзылыстары (аурулары), оның ішінде оларды пайдалануға байланысты есепке қою фактісінің туындауы психоактивті заттар)*.

9) Қоғамдық кеңес мүшелерінің әдеп-ғұрпын өрескел бұзуған жағдайда Қоғамдық кеңес құрамынан шығарылады.

44. Қоғамдық кеңес конкурс нәтижелері бойынша немесе Заңның 15-бабының 3-тармағына сәйкес Министрліктің шешімі бойынша шығып қалған мүшенің орнына оның өкілеттігінің қалған мерзіміне жаңа мүшені Қоғамдық кеңес құрамына енгізу туралы шешім қабылдайды.

12-тарау. Өзгеде ережелер

45. Осы Ережеде көзделмеген өзге де мәселелер Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерімен регламенттеледі.